



Астана қаласы

2025 жылғы
29 қыркүйек - 24 қазан

Баспасөз хабарламасы

Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің тапсырмасы бойынша «Театрдың ғажайып әлемі» театр өнерінің республикалық фестиваль-байқауын 2025 жылғы 29 қыркүйек - 24 қазан аралығында қашықтық форматта өткізеді.

Фестиваль-байқау өскелең ұрпақты рухани-адамгершілік, эстетикалық тәрбиелеудің, тұлғаның үйлесімді дамуының факторы ретінде балалар мен жастар театр шығармашылығын қолдау және дамыту, өзін-өзі көрсетуге, әлемді эстетикалық және бейнелі түсінуге бірегей қабілеттерді қалыптастыру және дамыту, балаларды қосымша біліммен қамту мақсатында өткізіледі.

Театрға бару, театр шығармашылығымен айналысу – жас жеткіншектердің белсенді демалысын өткізудің бір түрі. Театр өнерімен таныстыру формалары әртүрлі. Бұл театрларға бару, жеке театр қойылымдарын жасау, театр фестивальдеріне, түрлі деңгейдегі байқауларға қатысу, ата-аналар алдында, әр түрлі ұйымдарда өнер көрсету болып табылады.

2025 жылы мектептерде және қосымша білім беру ұйымдарында 2 209 театр үйірмесі тіркелген, бұл 2024 жылмен салыстырғанда (1 957 үйірме) 252 үйірмеге көп. Үйірмелерде 62 951 оқушы айналысады, бұл 2023 жылмен салыстырғанда (48 650 оқушы) 14 301-ге көп.

Үйірмелердің жалпы санынан мектептегі 1904 театр үйірмесіне 53 432 оқушы тартылған. Мектептен тыс ұйымдар жанындағы 305 үйірмеде 9 519 оқушы қамтылған.

Фестиваль-байқауға жалпы орта және балаларға қосымша білім беру ұйымдарының балалар театр ұжымдары – облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының фестиваль-байқау кезеңдерінің 140 жеңімпазы қатысады.

Фестиваль-байқаудың қатысушылары қазылар алқасының назарына музыкалық (опера, балет, мюзикл, данс-спектакль), драмалық және қуыршақ спектакльдерін, әдеби-музыкалық композицияларды ұсынады.

Фестиваль-байқауды өткізу қатысушыларға шығармашылық идеяларды жүзеге асыру үшін шабыттандыруға, оқуға, ынталандыруға және жаңа шабыт алуға мүмкіндік береді.

Мұндай байқау тәжірибесі әр балалар театр ұжымына, ол әуесқой ауылдық театр студиясы немесе әйгілі балалар театры болсын, ерекше маңызды және қажет.

Фестиваль-байқаудың нәтижесі бойынша барлық қатысушыларға сертификаттар, жеңімпаздарға дипломдар мен құнды сыйлықтар беріледі. Сондай-ақ, «Үздік жас актриса», «Үздік жас актер», «Үздік актерлік образды сомдау», «Көркем сөз» номинациялары бойынша үздік байқау жұмыстары (спектакльдер) және орындаушылар анықталатын болады.



г. Астана

29 сентября – 24 октября
2025 г.

ПРЕСС-РЕЛИЗ

Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования по заданию Министерства просвещения Республики Казахстан проводит Республиканский фестиваль-конкурс театрального искусства «Театрдың ғажайып әлемі» в дистанционном формате 29 сентября – 24 октября 2025 года.

Фестиваль-конкурс проводится с целью поддержки и развития детского и молодежного театрального творчества как фактора духовно-нравственного, эстетического воспитания подрастающего поколения, гармоничного развития личности, формирования и развития уникальных способностей к самовыражению, эстетическому и образному постижению мира, охвата детей дополнительным образованием.

Посещение театра, занятие театральным творчеством – это один из видов проведения активного досуга несовершеннолетних. Формы приобщения к театральному искусству разнообразны. Это и посещение театров, и создание собственных театральных постановок, и участие в театральных фестивалях, конкурсах различного уровня, выступление перед родителями, в различных организациях.

в 2025 году зарегистрировано 2 209 театральных кружков в школах и организациях дополнительного образования, что на 252 кружка больше по сравнению с 2024 годом (1 957 кружков). В кружках занимаются 62 951 обучающийся, что на 14 301 человек больше, чем в 2024 году (48 650 обучающихся).

Из общего числа кружков в 1 904 школьных театральных кружках занимается 53 432 школьника. В 305 кружках при внешкольных организациях охвачено 9 519 обучающихся.

В Фестивале-конкурсе примут участие детские театральные коллективы организаций общего среднего и дополнительного образования детей – 140 победителей областных, городов Астана, Алматы и Шымкент этапов Фестиваля-конкурса.

Участники Фестиваля-конкурса на суд жюри представят музыкальные (опера, балет, мюзикл, данс-спектакль), драматические и кукольные спектакли, литературно-музыкальные композиции.

Проведение Фестиваля-конкурса станет для участников возможностью творить, учиться, вдохновляться и находить новые стимулы для реализации своих идей.

Такой опыт бесценен для каждого детского театрального коллектива — будь то сельская любительская студия или известный детский театр.

По итогам Фестиваля-конкурса все участники получат сертификаты, победители — дипломы и призы.

Кроме того, будут определены лучшие спектакли и исполнители в номинациях: «Үздік жас актриса», «Үздік жас актер», «Үздік актерлік образды сомдау», «Көркем сөз».